

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B06102 Ақпараттық жүйелер
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Білім беру бағдарламасының бірегей бәсекелестік артықшылықтары: 1. АТ-саласын дамыту стратегиясы мен перспективаларын, өндіріс пен ғылымның түрлі салаларын компьютерлік модельдеу технологияларын ескере отырып әзірленді; 2. заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған; 3. жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамы; 4. робототехника бойынша заманауи зертханалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	Түрлі өндіріс пен қызметтік салаларда ақпараттық жүйелердің өмірлік циклін қолдауға бағытталған ІТ-технологиялар саласында кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие кадрларды даярлау.
БББ міндеттері	1. Ақпараттық жүйелерді жобалау және бағдарламалық-техникалық қолдау көрсету; 2. Еңбек нарығында сұранысқа ие, жалпы мемлекеттік "Рухани жаңғыру" бағдарламасына сәйкес құндылықтарға ие және өзін-өзі белсендіруге, өзін-өзі дамытуға қабілетті білікті тұлға қалыптастыру; 3. Экономиканы цифрлендіру есептерін шешу бағытында кәсіби дағдылар, қоғамды ақпараттандыру бағытында белсенді қолбасшылық қабілеттіліктер қалыптастыру; 4. Дене, рухани және интеллектуалды өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау және мінез-құлқ мәдениетін қалыптастыру.
БББ оқыту нәтижелері	Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін бітіруші: - Экология және тіршілік қауіпсіздігі, әлеуметтік-гуманитарлық, құқықтық және экономикалық пәндер бойынша дүниетанымы кең, ойлау мәдениеті жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін негізгі білімдерін көрсету - Математикалық және физикалық пәндер (ғылымдар) саласында алған іргелі білімдерін кеңейту - Қорғалған компьютерлік желілерді құру тұжырымдамаларын қолдану - Интеллектуалды талдау әдістерін қолдану - Веб-қосымшаларды құру құралдарын, сайттарды жетілдіру технологиялары мен әдістерін қолдану (Joomla, Apache Tomcat, Denver және т. б.) - Графикалық ақпаратты өңдеудің заманауи техникалық құралдары мен пакеттерін қолдану - Өндірістің технологиялық процестерін, қызмет көрсету және басқару саласын автоматтандыру үшін заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын қолдану - Microsoft Windows / Unix, Linux/ операциялық жүйелерінде деректер қорын және білім қорын (Microsoft Access, MS SQL Server, Oracle, MySQL және т. б.) кәсіби деңгейде жобалау - C++, Python, Java, JavaScript, SQL, PHP тілдерінде бағдарламалау - Робототехникалық жүйелерді басқару үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу - ERP және Web-программисттің, интернет-жобалардың АТ-менеджерінің, деректер қоры мен сайт бағдарламаларын әзірлеу - Есептеу ресурстарын ұтымды пайдалануды және істен шыққан компьютерлік жүйенің параметрлерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже	6B06102 Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бакалавры
Маман лауазымдарының тізімі	- деректер қорының әкімшісі; -кәсіпорындардың технологиялық процестерін автоматтандыру жөніндегі маман; - ақпараттық ресурстарды құру және басқару жөніндегі маман;

	- өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесінің инженері.
Кәсіби қызмет объектісі	Адам қызметінің түрлі салаларында ақпараттық жүйелерді әзірлейтін, енгізетін және пайдаланатын әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар.